

Бекітемін:
№6 Шубаркулдықнегізгі орта
мектебінің директоры: Г.А.Адаев
29.08.2021 р.

Аудандық эксперттік
комиссия шешімі
Хатташ №⁰2
03.09.2021н.

«Сиқырлы ермексаз»

Шағын орталықтың ересек тобына арналған адаптивтік бағдарлама.

Дайындаған: Ельтезерова А.А

2021-2022жыл.

Пікір

Ұсынылып отырган бағдарламада мектеп жасына дейінгі балаларды көркем сөзді түсіне білуге үйрету, ой-қиялын, саусақ бұлшық еттері мен ұсақ қол моторикасын дамыту, шығармашылықта тәрбиелеу көзделген. Бүгінгі техника ғарыштап дамытып тұрған заманда мектеп жасына дейінгі баланы тәрбиелеуде ұтымды түрде сөйлеуді игерту, көркем шығармаларды тыңдай білуге дағдыландыру, шығармалардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру, андардың міnez құлқына баға беру арқылы балалардың сөздік қорын дамыту, достаса білуге, ұйымшыл болуға, ұйымдаса отырып еңбектенуге, ептілікке, төзімділікке үйрету мақсаты көзделген. Бағдарламада балалар Қазақстан жазушыларының шығармаларымен, өлеңдерімен, ертегілерімен таныса отырып жан-жақты біліп дамиды. Жеткіншек ұрпақты шығармашылық жүйеде тәрбиелеуде «Сиқырлы ермексаз» тақырыбында алынған бағдарламаның орны ерекше.

Пікір беруші:  Сеилханова Ж.С

Түсінік хат

Мектепке дейінгі ұйымдарда жұмыс жасайтын тәрбиешілердің негізгі мақсаттарының бірі балаларды жан-жақты дамыту және мектептің бастапқы буынына көшіруде жоспарлы түрде біртұтас жүйелі жұмыс жүргізу екендігін білеміз. Ұсынылып отырған бағдарламада мектеп жасына дейінгі балаларды көркем сөзді түсіне білуге үйрету, ой қиялын дамыту, саусақ бұлшық еттері мен ұсақ моторикасын дамыту, шығармашылықта тәрбиелеу мақсаты көзделіп отыр. Бұгінгі техника дамып отырған заманда мектеп жасына дейінгі баланы тәрбиелеуде неғұрлым ұтымды түрде сөйлеу машығын игерту, көркем шығарманы тыңдай білуге дағдыландыру, балаларды өз қолдарымен бір нәрсе жасай білуге, еңбектенуге баулу, беріліп отырған бағдарламадағы ермексаздың өзін пайдалана отырып өзіне алданыш ермек табу, ой-қиялын дамытуға итермелеу жетіспейді. Сондықтан бағдарламада тәрбиеміздің осы бір кемшілік тұстастарын толтыру, көркем әдеби шығармаларды қызығушылықпен тыңдай білу мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге, андардың мінез-құлқына баға беру арқылы балалардың сөздік қорларын дамыту, достаса білуге, ұйымшыл болуға тәрбиелеу, ұйымдаса отырып еңбектенуге, шығармашылықта, төзімділікке, ептілікке, еңбекқорлыққа үйрету көзделіп отыр.

Бағдарламаның негізгі мақсаты: Балалардың мұсіндеуге деген қызығушылығын, эстетикалық талғамын қалыптастыру. Түрлі пішіндегі заттардың модельдерін геометриялық пішіндерді негізін жасауды үйрету.

Міндеттері:

- Техникалық дағдылары мен іскерліктерін қалыптастыру.
- Шығармашылық іс-әрекет үдерісіне, көркем шығармалар мен халық шығармашылығына эмоциялық қарым-қатынастарын білдіруге тәрбиелеу.

Күтілетін нәтижелер:

- Ермексаздың қасиеттерін игеру
- Бүтін бөліктен кіші бөліктерді бөліп алу, илеп мұсін жасауды
- Үзу, жұлу, есу, домалақтау, жалпақтау, шымшу, созу тәсілдерін игерту
- Алақан, саусақ аралығында және тұзу жазықтықта ермексазды пайдаланады.

«Сиқырлы ермексаз» бағдарламасының перспективалық жұмыс жоспары.

№	Тақырыбы.	Мақсаты.	C/c.	Күні, айы, жылы.
1	«Ала қарбыз»	Күзде өсетін жемістерді айтып еске түсіру. Жұмбақ жасыру арқылы ойлау қабілеттерін дамыту.	1	2.09.21
2	«Құламайтын қыурақ»	Екі жемісті біріктіру арқылы құламайтын қыурақ жасауды үйрету. Ұжым болып келісіп, ой қиялдар ын мүсіндең көрсету.	1	9.09.21
3	«Шалқан ертегісі»	Балалардың өздері билетін «Шалқан» ертегісін естеріне түсіріп . Ертегідері кейіпкерлердің суретт ерінен қарап, өз таңдаулары бойынша өзара келісіп ұжымдастып мүсіндейді.	1	16.09.21
4	«Жемістер жыры»	Жемістердің әртүрлі формаларын еске түсіріп түстерді ажыратада білуін бекіту. Мүсіндей білу әдісін үйрету.	1	23.09.20
5	«Жапырақтар»	Жыл мезгілдерінің ерекшеліктерін бақылау табиғаттағы өзгерістерге көніл аударту, саусақ бұлышықеттерін дамыту берілген бейнені мүсіндей білуге үйрету.	1	30.09.21
6	«Қияр мен қырыққабат»	«Қияр мен қырыққабат» ертегісі желісі бойынша мүсіндету.	1	7,10.21
7	«Саңырауқұлақтың дос»	Сабақ барысында жасалған саңырауқұлаққа қосымша басқа түрлерін мүсіндеу. «Саңырауқұлақ жалғызысырамасын» -деп достарын мүсіндеу. Саңырауқұлақ әлемін қиялдан жасау.	1	14.10.21
8	«Емен мен алма» ағашы.	Емен мен алма ағашы туралы әңгіме оқылады. Емен жалғызысырамасын деп алма ағашын мүсіндеу ұсынылады. Балалар ұжым болып жұмыс жасауда талпынады.	1	21.10.21
9	«Кемпірқосақ»	Түстер туралы білімдерін бекіту. Табиғат ғажайып тарына көніл бөлу, созып жапсыру тәсілдерін үйрету.	1	28.10.21
10	«Бауырсақ ертегісі»	Балаларға бауырсақ ертегісі оқылады . өз таңдаулары бойынша кейіпкерлерді мүсіндейді. Илеп, созу тәсілдерін пайдаланады.	1	4.11.21
11	«Не дәмді»	«Не дәмді» ертегісі оқылады. Құстар мен аңдар не дәмді екенін талқылапты, әрқайсысы өзінің сүйікті тағамдарын айттыпты. Ермексаздан жасалған тәрелкелеріне ертегідері айтылған тағамдарды мүсіндең салады. Өз таңдаулары бойынша.	1	11.11.21
12	«Шыршаны безендіру»	«Жана жыл келді» өлеңі оқылады, жатталады. Жаңа жыл мерекесінің ең маңызды әшекейі туралы әңгімеледеу жәнемүсіндеу.	1	18.11.21
13	«Сылдырмақ»	Ойыншықтар түрлерін көрсету, көркем мүсіндеу ді үйрету, сөзді түсіне білуге үйрету, өлең жолдар ын қайталай отырып сылдырмақты мүсіндеу. Домалату, созу, жалпайту тәсілдерін пайдалану.	1	25.11.21
14	«Қонжық»	«Қонжық» өлеңін жаттату, көркем сөзді түсіне білуге үйрету. Елестету арқылы мүсіндету.	1	2.12.21

15	«Тұлкі мен қоян»	«Тұлкі мен қоян»ертеңі оқылад. Неге тұлкінің құйрығы ұзын ал қоянның құйрығы қысқа екенін білу. Қоян мен тұлкіні құрастырмалы түрде мүсіндетуге үйрету.	1	9.12.21
16	«Мерекелік үстел»	Жана жыл мерекесіне арнап мерекелік үстел дайындау. Балалар торт, бауырсақ, кәмпитеттерді мүсіндел тәрелкеге салады. Үстел мен орындықты мүсіндеу.	1	23.12.21
17	Сүретші.	Қара түсті картонға, ақ түсті ермексазбен ою жабыстыру. Сипап, созу тәсілі арқылы сызықтар мен нұктелермен безендіру.	1	6.01.22
18	«Озбыр кірпі»	«Озбыр кірпі» әңгімесін оқып беру. Кірпінің тышқанды үйінен қалай қуып шыққанын біледі. Кейіпкерлердің көңіл-күйін бере отырып, ұсақ бөлшектермен толықтыруды үйрету.	1	13.01.22
19	Қарша қыз.	Аққаланы құрамдастыру арқылы мүсіндетуді үйрету. Шиыршықтау, есу, созу әдістерін жетілдіру. Көз мөлшерін, ұсақ бұлшықттерін дамыту.	1	20.01.22
20	Әнші төлдер.	Жануарлардың өздеріне тән ерекшеліктерін бере отырып бейнені түрлі материалмен толықтыру арқылы, төрт түлікті мүсіндеу.	1	27.01.22
21	Ақ лақ.	Жануарлардың өздеріне тән ерекшеліктерді бере отырып мүсіндеу. Қиялдауды дамыту.	1	3.02.22
22	Қуыршақ.	Ермексаздың керек түстерін алғып, бөлшектердің санына қарай бөлеміз, бас, мойын, қол, аяқ т.б.	1	10.02.22
23	Тәтті тағам.	Мүсіндеу сабағында мүсіндеген торт, кәмпите қосымша тағамдар мүсіндеуді үйрету. Балаларды тиянақтылықта баулу.	1	17.02.22
24	Торсықтың бөлмесі.	Торсыққа бөлме жихаздарын мүсіндел беру ұсынылады. Балалар өзара келісіп бөлме жихаздарын мүсіндейді. Қазақтың ою-өрнегі элементтер інен безендіруді үйренеді.	1	24.02.22
25	Домбыра.	Заттардың пішіндерін бере білуді, геометриялық өрнектермен, нұктелермен сызықтармен безендіруді үйрету.	1	3.03.22
26	Балапан.	Ермексаздың бөлшектер санына қарай бөлеміз. Әртүрлі көлемдегі конустар жасаймыз. Бөлшектерді фигураның қозғалысына қарай майыстырымымыз да біріктіреміз.	1	10.03.22
27	Ас үй жихаздары.	Балаларды ас үй жихаздарын мүсіндеуге үйрету. Есу және жалпақтау тәсілдерін бекіту. Елестетуді дамыту.	1	17.03.22
28	Аспаз.	Қолдың ұсақ қимылын, көз мөлшерін дамыту. Эстетикалық талғамға баулу.	1	31.03.22
29	Апорт алмасы.	Ермексаздың қажетті түсін аламыз бөлшектерге бөлеміз, дөңгелетіп илеу, жалпайту, жабыстыру әдістерін пайдаланып апорт алмасын мүсіндейміз.	1	7.04.22
30	Дос болайық.	Ұлуды балалар өз таңдаулары мен мүсіндеу ұсынылады. Ермексаз жолағын спираль бойынша айналдыра бүктеу жолымен жасалады.	1	14.04.22

31	Қызғалдақ.	Ермексазды бөлшектер санына бөлеміз,ұлкенін жалпақтамыз,бұл фон болады.Ал қалған бөлік терден қажетті түстерден сабағы мен жапырақтарын мүсіндейміз.	1	21.04.22
32	Сайқымазақ.	Сайқымазақтың түрлі суреттерін көрсету,онын ойнату.Балалар өз таңдаулары бойынша мүсін дейді.Шырышықтау,илеу,есу және жабыстыру тәсілдерін бекіту.	1	28.04.22
33	Көбелек.	Балалар өз жұмысында бейнеленетін заттың өзіндік ерекшеліктерін толық беру үшін әртүрлі материалдарды пайдалануды үйрету.	1	5.05.22
34	Кішкентай кеме.	Ермексаз кесінділерінің түстерін бөлшектер санына қарай бөлеміз. Бөлшектерді өз қиял ымыздығыдай етіп біріктіреміз.	1	12.05.22
35	Мадақтау.	Балалардың оқу барысында жасаған жақсы мүсіндері мадақталып өз жолдастарының қошеметтеріне бөлеу.	1	19.05.22
36	Біздің шеберханада.	Балалардың жыл бойы жасаған жұмыстарына көрме өткізу,ата-аналардың қатысуымен.	1	26.05.22